Апталық барысында оқушылар мен ата-аналардың діни сауаттылықтарын арттыру, дәстүрлі емес діни ағымдардан қорғау мақсатында С.Шаудыровтың ұйымдастыруымен Мұғалжар ауданы"Жастар арасындағы дін мәселелері және қоғаммен байланыс орталығының" басшысы Ә. Маусымовтың қатысуымен ата-аналарға "Дін туралы түсінік" және оқушыларға "Дін, қоғам, жастар"тақырыбында кездесу өткізілді.Кездесу барысында тақырып бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп,ата-аналардың сұрақтарына жауап берілді. Осы жиналыста мектеп психологы Саукебаева Л.А. ата-аналарға тақырыбында жұмыс жүргізді.



Апталық барысында ақпараттық түсіндіру тобының жоспары бойынша оқушылар мен ата-аналардың діни сауаттылықтарын арттыру, дәстүрлі емес діни ағымдардан қорғау мақсатында С.Шаудыровтың ұйымдастыруымен Мұғалжар ауданы"Жастар арасындағы дін мәселелері және қоғаммен байланыс орталығының" басшысы Ә. Маусымовтың қатысуымен оқушыларға "Дін, қоғам, жастар"тақырыбында кездесу өткізілді. Түсіндіру жұмысы барысында қазіргі таңдағы маңызды болған мәселенің бірі, бұл – дәстүрлі емес діни қозғалыстардың қызметтерін ретке келтіру керек екендігін,себебі, олардың әрекеттері қоғамда кереғар көзқарастар туғызып келетіндігін айтып өтті. Қазіргі таңда жасөспірімдердің біршамасы өзінің тарихи, дәстүрлі діндерінен шығып, секталардың шылауында адасып жүргендігі жайында бейне көрсетілім жасап,оқушыларға әрдайым сақ болуын ескертті.



«Табиғи түрдегі төтенше жағдайлар кезіндегі ұйым қызметкерлерінің іс-әрекеті» тақырыбында шаруашылық орынбасары Балымбет С мен мектеп директоры А.Ж.Достанова қызметкерлер мен мұғалімдерге түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырды.



Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты бойынша 15 қараша Ұлттық валюта күніне орай «Теңге – Тәуелсіздік келбеті» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.



Осы бағыт аясында «Балалар және театр» жобасы бойынша бастауыш сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Ертегілер әлемінде» тақырыбында қойылымдар қойылды.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Менің сүйікті кітабым» тақырыбында интернат тәрбиешілерінің ұйымдастыруымен бейнеролик ұйымдастырды. Оқушылар мектеп кітапханасынан алған оқулықтарын,оқыған әңгімелерін мазмұндап берді.



Ұлттық тәрбие бағыты бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Қазыбек бидің 355 жылдығына орай мектеп кітапханашысы Г.Масжанованың ұйымдастырумен «Тура биде туған жоқ» тақырыбында сыныптан тыс шара өткізілді.



Сонымен қатар қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Абильтаева Р ұйымдастыруымен 7-8 класс оқушылары «Ұлттық тәрбие-құндылық бастауы» тақырыбында эссе жазды.



Отбасылық тәрбие бағыты бойынша «Еңбек-елдің мұраты» және «Отбасы-орта мектеп » жобалары аясында «Тоғызқұмалақ-day» жарысы және «Бір күн ата-ана жұмысында» тақырыбында саяхат сабақ өткізілді.



Еңбек,экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты бойынша сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау мақсатында «Еңбек-елдің мұраты» және «Үнем-қоғам қуаты» жобалары аясында « Адал еңбек бейнесі» тақырыбында сурет көрмесі, су мен электр энергиясын үнемдеуге бағытталған «Үнемділік инноваторы» тақырыбында жарнамалық жұмыстар конкурсы өткізілді.



Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағыты бойынша «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында А.Байтұрсыновтың 150 жылдығына орай «Ұлы даланың ұландары» тақырыбында зияткерлік ойын өткізілді.



Көпмәдениеттілік және көркем-эстетикалық тәрбие бағыты бойынша тәлімгер Балнұр Әлиниязованың ұйымдастыруымен 5-8 класс оқушыларының қатысуымен «Жайдарман» ойыны өткізілді.



Дене тәрбиесі ,салауатты өмір салты бағыты бойынша «Әлемді бағындырған жерлестеріміз» тақырыбында жергілікті жердің спортшыларымен кездесу өткізілді.Сонымен қатар класс жетекшілердің ұйымдастыруымен «Дұрыс тамақтану-болашақ ұлт денсаулығын сақтау» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.



Барлық өткізілген іс-шаралар мектептің әлеуметтік парақшасына жарияланды. 2022-2023 оқу жылының желтоқсан айында тәрбиенің жылдық жоспары бойынша 8 бағыт бойынша төмендегідей іс-шаралар атқарылды.

Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу,құқықтық тәрбие бағыты аясында 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай тарих пәнінің мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Тәуелсіздіктің қадамы» тақырыбында конференция ұйымдастырылды. Конференцияға Ағайынды Жұбановтардың мемориалдық музейінің экскурсоводы, тарихшы Махамбетов Нұртай қатысты.





Сонымен қатар аға тәлімгер Б.Әлниязованың ұйымдастыруымен «Жас Ұлан» қоғамдық ұйымының оқушыларының қатысуымен «Тәуелсіздік –орындалған арман. Қазақстан жолы» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.



Осы бағыт аясында 2 және 5 класс оқушыларын «ЖасҰлан» «Жас қыран» қатарына қабылдау өткізілді. «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер қоғамдық ұйымына мектебімізден жалпы 75 оқушы қабылданды. Салтық шара барысында оқушылар ант қабылдап, төсбелгі мен галстук тағылды.



Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты аясында 13желтоқсан күні көркем еңбек пәнінің мұғалімі Буркитов Бейбітәлінің ұйымдастыруымен «Тәуелсіздіктің ұлы рухы-желтоқсан» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды. Сурет көрмесіне 3-6 сынып оқушылары

ат салысты және өздері салған әр суретінің тарихымен таныстырды. Ең үздік суреттер мен ерекше көзге түскен суреттер марапатталды.

   

6 желтоқсан күні Абильтаева Римманың ұйымдастыруымен 9-10сынып оқушылары «Жыр жазамын жүрегіммен» тақырыбында шығарма жазды. Шығармалары тексеріліп қорытындысын шығарып, оқушылар орындармен марапатталды.

  

Ұлттық тәрбие бағыты аясында «Элита » дебат клубының басшысы Умарова А.Ж ұйымдастыруымен «Мәңгілік Елдің мызғымас 7 негізі» тақырыбында пікірталас ұйымдастырылды.

   

ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ бағыты аясында «Отбасы-орта мектеп»жобасы бойынша «Отбасы- алтын діңгек» тақырыбында аналармен дөңгелек үстел ұйымдастырылды.



ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ бағыты аясында «Ерте жастан экологиялық мәдениет» жобасы бойынша көркем еңбек пәнінің мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Үздік колөнер-2022» тақырыбында көрме ұйымдастырылды.

   

ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ бағыты аясында 7 желтоқсан күні «Менің Тәуелсіз- Қазақстаным» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Кітап көрмесі еліміздің тәуелсіздік алған сәтінен бастап бүгінге дейінгі жүріп өткен жолы туралы қаламгерлердің жазған еңбектері мен тәуелсіздік жылдарында баспадан шыққан әдебиет туындыларымен қамтылды. Көрме ата-бабамыздың тәуелсіздік жолындағы ерлігін үлгі етіп, Тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қазақстанның дербес мемлекет ретінде қалыптасу тарихына шолу жасау мақсатында ұйымдастырылды. Кітапханашы Масжанова Г. мереке қарсаңында мектеп оқушыларына тәуелсіздік ұғымын кеңінен түсіндіріп, насихаттады.






Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 31 жылдық мерейтойы қарсаңында оқушылардың мектепте меңгерген білім деңгейін анықтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөйлеу мәдениетін, жан - жақты ой өрісін жетілдіру, ой ұшқырлығын, оқуға деген ынтасын арттыру мақсатында «2050 жылғы Қазақстан» тақырыбында сайыс ұйымдастырылды. Сайысқа 9-10сынып оқушылары қатыстырылды. Оқушылар екі топқа бөлініп сайысқа түсті. Сайыс 3турдан тұрды. Жеңімпаз топ мектеп директорының алғыс хатымен марапатталды.





13 желтоқсан күні "Ақтөбе -Дарын" ОГТҚББО-ның ұйымдастыруымен "Педагогикалық идеялар фестивалі" республикалық байқауының мектепішілік іріктеуі 13 желтоқсан күні өткізілді. Фестиваль мақсаты- педагогтың кәсіби өсуін,инновациялық тәжірибелерін зерделеу, өзара тарату болатын. Мектепішілік іріктеуге 7 мұғалім қатысып,5 мұғалім аудандық кезеңіне идеясын ұсынып, бақтарын сынауға жолдама алды. Әріптестерімізге сәттілік тілейміз.






**ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ** бағыты аясында 16 желтоқсан Тәуелсіздік мерекесіне орай мектебіміздегі «Шахмат» клубының жетекшісі Шаудыров С.А.ұйымдастыруымен 5-11 класс оқушыларының қатысуымен «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» тақырыбында мектепішілік шахматтан сайыс ұйымдастырылды. Жеңімпаздар мектеп директорының дипломымен марапатталды.



**КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ–ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ** бағыты аясында Жаңа Жыл меркесіне орай ШО,МАД, 5-11 класс оқушыларының қатысуымен ертеңгілктер өткізілді. Алдын ала берілген критериялер бойынша «Ең үздік ертеңгілік» анықталып, жеңімпаз кластар дипомдармен марапатталды



9 желтоқсан Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында «Тәуелсіздік- мәңгілік елдің тұғыры» тақырыбында мектебімізде оқушыларға мерекелік көңіл –күй сыйлай отырып,тапқырлық, ұшқыр қиял арқылы әзіл әлемінде қалыптауға бейімдеу,бір-бірімен еркін араласуға ,достық қарым-қатынастарын жетілдіру арқылы сахна мәдениетін меңгерту мақсатында Көңілді тапқырлар алаңы ұйымдастырылып өткізілді. Ойынға 4команда қатысты. Ойын 2 турдан түрды. Бас жүлде «Есте сақта», 1орын «Гүлжиханның балалары», 2орын «Келе жатыр», 3 орын «Тек қана қыздар» командасына бұйырса «Көрермен көзайымы» номинациясына Ерасылға берілсе, «Ең үздік ойыншы» номинациясына Дильназ ие болды.









2022-2023 оқу жылының қараша айында тәрбие жоспарының рухани-адамгершілік бағыт аясында «Балалар және театр» жобасы бойынша бастауыш сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Ертегілер әлемінде» тақырыбында қойылымдар қойылды.



Қаңтар айында тәрбиенің жылдық жоспары бойынша 8 бағыт аясында төмендегідей іс-шаралар атқарылды.
Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу,құқықтық тәрбие бағыты бойынша «Жемқорлықсыз өмір ұлт болашағының кепілі» тақырыбында айлық өткізілді.
Сонымен қатар құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Кибербулингке жол жоқ!» тақырыбында мектеп инспекторы Р.Ж.Ермековамен кездесу өткізілді.



Рухани аламгершілік тәрбие бағыты аясында мектептің әлеуметтік педагогы Куанышева Ж ұйымдастыруымен 10.01-10.02 уақыты аралығында «Қамқорлық» акциясы өткізілді.
«Балалар және театр» жобасысының жетекшісі Балымбет А жетекшілігімен қаңтар айында «Біз әлемді мейірімділікке шақырамыз» тақырыбында рөлдік ойындар өткізілді. Оқушылар берілген тақырып аясында рөлдерді сомдап,тақырыпты аша білді.



Ұлттық тәрбие бағыты аясында көркем еңбек пәнінің мұғалімі Жұмағұлова А ұйымдастыруымен «Ұмыт болған ұлттық тағамдар» тақырыбында аналар клубының мүшелерінің қатысуымен өнеге сағатын ұйымдастырды.



Отбасылық тәрбие бағыты аясында «Отбасы-орта мектеп»жобасы бойынша класс жетекшілердің ұйымдастыруымен «Отбасылық таланттар» тақырыбында сайыс өткізілді.



Еңбек,экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты аясында «Отбасы-орта мектеп» жобасы,«Еңбек – елдің мұраты» жобасы бойынша класс жетекшілердің ұйымдастыруымен «Бір күн ата-ана жұмысында» , «Берекелі кәсіптің сыры» тақырыбында шаралар өткізілді.



Зияткерлік тәрбие,ақпараттық мәдениет тәрбие аясында «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша мектеп кітапханашысы Масжанова Г ұйымдастыруымен«Біз оқыдық,ал сіздер...?,«Мұхтар Әуезовтың шығармалары» тақырыбында жылжымалы кітапхана және дөңгелек үстел өткізілді.



Көпмәдениеттілік және көркем-эстетикалық тәрбие бағыты аясында «Психологиялық қызмет және мектептегі татуласу қызметтерін ұйымдастыру»жобасы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша интернат тәрбиешілерінің ұйымдастыруымен «Оқушы мен ұстаз мәдениеті»тақырыбында дөңгелек үстел және «Аспаптар-рухани қазына» тақырыбында мұражайға саяхат сабақ өткізілді.





Дене тәрбиесі,салауатты өмір салты бағыты аясында дене шынықтыру пәнінің м ұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Қызықты қыс» және аға тәлімгер Тажибаева А ұйымдастыруымен мектебіміздің «ЖасҰлан» және «Жас Қыран» қоғамдық ұйымының мүшелерінің қатысуымен «Шылым шегуге қарсымыз» тақырыбында акция ұйымдастырылды.



Ақпан айында тәрбиенің жылдық жоспары бойынша 8 бағыт аясында төмендегідей іс-шаралар атқарылды.

Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу,құқықтық тәрбие бағыты бойынша класс жетекшілердің ұйымдастыруымен «Балалар қылмысы:ұрлық пен бопсалау», «Құқықтық сауаттылық - заман талабы», «Батырлық –үлкен жүректе» тақырыптарында құқықтық кеңес мүшелерінің қатысуымен тәрбие сағаттары,кездесулер өткізілді.





Ауған соғысының аяқталуына 34 жыл орай «Жас Ұлан» «Жас Қыран» қоғамдық ұйымының мүшелерінің ұйымдастыруымен ардагерлермен кездесу өткізілді.



Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты бойынша аға тәлімгер Тажибаева А ұйымдастыруымен оқушылар мен класс жетекшілердің ұйымдастыруымен «Екі Жұлдыз» сайысы өткізілді.



Ұлттық тәрбие бағыты бойынша «Діни экстремизм – бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп» тақырыбында Мұғалжар аудандық ақпараттық орталығының басшысы Маусымов Ә қатысуымен ақпараттық сабақ өткізілді.



Сонымен қатар «Балалар және театр» жобасы аясында «Ертегілер еліне саяхат» тақырыбында бастауыш сынып оқушылары арасында қойылымдар қойылды.



«Қарты бар ел-қазыналы ел» тақырыбында мектебімізде дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Дөңгелек үстелге ата-әжелер қатысты.



Отбасылық тәрбие бағыты аясында «Бақытты отбасы-зорлық зомбылықсыз әлем» тақырыбында «Парасат » аналар клубының жетекшісі Асабаева Н ұйымдастыруымен көп балалы аналармен кеңес өткізілді.



Еңбек, экономиялық және экологиялық тәрбие бағыты аясында 9,11 класс оқушыларына «Ізденіс,еңбек,талпыныс-жетістік кілті» тақырыбында мамандықтар жәрмеңкесі ұйымдастырылды.



Сонымен қатар 9-11 класс оқушыларына «Мен өскенде кім боламын?» тақырыбында жоба ұйымдастырылды.



Зияткерлік тәрбие,ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағыты аясында мектеп психологы Саукебаева Л ұйымдастыруымен «Өзіңді тану-өмірді тану» тақырыбында пікірталас өткізілді.



Сонымен қатар информатика пәнінің мұғалімі Имаддосова А ұйымдастыруымен «IT - келешегі кемел сала» тақырыбында ақпараттық сабақ өткізілді.



Көпмәдениеттілік және көркем эстетикалық тәрбие бағыты аясында «Адам бойында бәрі де әдемі,сұлу болуға тиіс» тақырыбында қыз балалармен кеңес өткізілді.



«Ұмыт болған ұлттық мұра» тақырыбында 9 класс оқушылары қаламыздағы ағайынды Жұбановтар мұражайына саяхат жасады.



Дене тәрбиесі,салауатты өмір салты тәрбие бағыты аясында «Денсаулық – ең басты қажеттілік» тақырыбында 5-11 класс оқушыларына диктант жазылды.



Наурыз айында тәрбиенің жылдық жоспары бойынша 8 бағыт аясында төмендегідей іс-шаралар атқарылды.

Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу,құқықтық тәрбие бағыты бойынша «Адал ұрпақ» жобасы аясында «Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек» тақырыбында эссе конкурсы өткізілді.



Әлеуметтік педагог Куанышева Ж ұйымдастыруымен «Үміт сәулесі» тақырыбында акция өткізілді. Акцияның басты мақсаты – әлеуметтік жағынан қорғалмаған, күнкөрісі төмен отбасы балаларына, көпбалалы отбасы балаларына, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған отбасы балаларына әлеуметтік көмек көрсету.

Жоспар бойынша класс жетекшілер «Мейірімділік» тақырыбында 10 б сынып жетекшісі тәрбие сағаттарын өткізді.



«Қайырымдылық – қайырлы іс» тақырыбында 5-6-7-8 сынып оқушылары арасында қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімдерінің ұйымдастыруымен эссе жазу жұмысы жүргізілді.



«Мейірімділік» тақырыбында мектеп психологының ұйымдастыруымен 7 сынып оқушыларымен психологиялық тренинг сабақ өткізілді



«Мейірімділік – асыл жүректен» тақырыбында сурет пәнінің мұғалімінің ұйымдастыруымен 2-4 сынып оқушыларының қатысуымен сурет байқауы өткізілді



«Жақсылық жасаудан жарысайық» атты 8-9-10 сынып оқушылары арасында челлендж ұйымдастырылды



Аға тәлімгер Тажибаева А ұйымдастыруымен «Қоғамға қызмет» мүшелері «Жүректен-жүрекке» тақырыбында қайырымдылық жәрмеңкесін өткізді



Дарынды оқушылардан құрылған «Жас талап» оқушылар ғылыми қоғамының орта буын мүшелері «Көмек қолын созамыз» тақырыбында мектеп жанындағы интернатқа барып көмектесті.



Дарынды оқушылардан құрылған «Жас талап» оқушылар ғылыми қоғамының орта буын мүшелері «Бала жүректен қайырымды іс» тақырыбында әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасына азық-түлік апарып, көмек қолын созды.



«Қайырымдылық – көңіл кеңдігі», «Қайырымдылық – қайырлы іс» тақырыптарында 6-7 сынып оқушылары қабырға газетін шығарды



Балалар және театр жобасының жетекшісі – А.Балымбеттің ұйымдастыруымен 8 сынып оқушыларының қатысуымен «Мейірімді жүрек» тақырыбында қойылым өткізілді



Шағын орталық тобының тәрбиешісі мен мектепалды даярлық тобының тәрбиешісінің ұйымдастыруымен «Қайырымдылық менен және сенен басталады» атты қайырымдылық жәрмеңкесі өткізілді.



Жем Локомотив деппосының ұжымы 1 оқушымызды көлемі – 70 000 тг тұратын қысқы куртка, қыс етік, спорттық киім, спорттық аяқ киім, туфли, ақ майка, ақ рубашка, көк шалбар, бас киім шарфымен, қолғап, мектеп сөмкесі, оқу-құралдарымен қамтамасыз етті.



Акция бойынша жалпы түскен қаражат көлемі – 221 703 тг. Қамтылған бала саны – 19 бала.

Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты аясында 1 наурыз-Алғыс айту , 14 Наурыз-Амал мерекесіне, 8 Наурыз-Халықаралық әйелдер мерекесі, 22 Наурыз мерекесіне орай төмендегідей іс-шаралар өткізілді. 1 наурыз – Алғыс айту күніне орай «Алғыс – бұл ...» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.



«Амал мерекесіне» орай класс жетекшілердің ұйымдастыруымен тәрбие сағаттары өткізілді.



Аға тәлімгер Тажибаева А ұйымдастыруымен «Алғысымды білдіремін» тақырыбында ардагер ұстаздарға кездесу кеші өткізілді.



Наурыз мерекесіне орай «Наурыз-бірліктің, еңбектің, татулықтың, ізгіліктің мерекесі», «Наурызым – құт берекем!» тақырыптарында кластарда тәрбие сағаттары өткізілді.



Отбасылық тәрбие бағыты аясында «Анама қоңырау» тақырыбында оқушылар мен мұғалімдер арасында әлеуметтік эксперимент ұйымдастырылды.

Дене тәрбиесі,салауатты өмір салты тәрбиесі бағыты аясында Дүниежүзілік туберкулезбен күрес күніне орай «Ауырмаймын десең...» тақырыбында диктант жазылды.



10-11 класс оқушыларының қатысуымен «Мерген ару-2023» тақырыбында нысанадан көздеп ату сайысы өткізілді.



| | | |
|---|---|---|
| | | eb_copy_link<br>https://www.instagram.com/reel/Cq5ZNyDICwB/?utm_source=ig_web_copy_link<br>https://www.instagram.com/reel/Cq5ZUAKouzl/?utm_source=ig_web_copy_link<br>https://www.instagram.com/reel/Cq7YU16AAwu/?utm_source=ig_web_copy_link<br>https://www.instagram.com/reel/Cq9IBRTInRW/?utm_source=ig_web_copy_link<br>https://www.instagram.com/reel/Cq91vumIVeO/?utm_source=ig_web_copy_link<br>https://www.instagram.com/reel/CrAQYNVIHpn/?utm_source=ig_web_copy_link<br>https://www.instagram.com/reel/CrknrIRA3FX/?utm_source=ig_web_copy_link<br>https://www.instagram.com/reel/CrjD13Oo-bA/?utm_source=ig_web_copy_link<br>https://www.instagram.com/reel/CrjDdq6ozhJ/?utm_source=ig_web_copy_link<br>https://www.instagram.com/reel/CrjCyb11_QG/?utm_source=ig_web_copy_link<br>https://www.instagram.com/reel/CrjCoOkoS3o/?utm_source=ig_web_copy_link<br>https://www.instagram.com/reel/Crh3Fl6Iimd/?utm_source=ig_web_copy_link<br>https://www.instagram.com/reel/CrPiDCMIf-u/?utm_source=ig_web_copy_link<br>https://www.instagram.com/reel/CrPh49GoX5Y/?utm_source=ig_web_copy_link<br>https://www.instagram.com/reel/CrPh0GUoTaT/?utm_source=ig_web_copy_link<br>https://www.instagram.com/reel/CrPhvbhIybe/?utm_source=ig_web_copy_link<br>https://www.instagram.com/reel/CrN892doVba/?utm_source=ig_web_copy_link |
| 2 | ШО,МАД сыныптарында сабактардың жүргізілуі | https://www.instagram.com/reel/Cq7XixfgWfC/?utm_source=ig_web_copy_link<br>https://www.instagram.com/reel/Crh3Fl6Iimd/?utm_source=ig_web_copy_link<br><br>https://www.instagram.com/reel/CrICTZZo9_D/?utm_source=ig_web_copy_link |
| 3 | Ата-аналарға психологиялық кеңес | https://www.instagram.com/reel/CqIU9naIajQ/?utm_source=ig_web_copy_link |
| 4 | Әлеуметтік педагогтан | https://www.instagram.com/reel/CqIU9naIajQ/?utm_source=ig_web_copy_link |



Еңбек,экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты бойынша Тоғыз айға 9 іс-шара" жобасы аясында ұйымдастырылған "Жасыл мекен" тақырыбындағы челленджді қабылдайды. Жобаның мақсаты: білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және еңбекқорлыққа баулу.





Қасиетті қара жердің қадірін тайраңдап жүру үшін ғана емес, таяныл тұру үшін де сақтау – ең жауапты міндет екенін ұмытпағанымыз жөн. Өмірде өзектілігін де, қажеттілігін де жоғалтпайтын екі ереже бар. Ол – тәртіп пен тазалық.Қала келбеті тек сәнді де сәулетті үйлермен, жасыл желекті саябақтармен өлшенбейді. Күн сайын көркейіп келе жатқан қаламыздың ажары оның тазалығына да байланысты. Қаланың таза, әдемі әрі жасыл желекке оранып тұруы әрбір адамның сүйіспеншілігі мен жанашырлығын қажет етеді. Осы міндеттерді орындау мақсатында Мұғалжар аудандық білім бөлімінің жоспарына сәйкес "Біз бақытты елдің балаларымыз" тақырыбындағы фестиваль аясында ұйымдастырылып отырған "Жақсылық жасап жарысайық" челленджіне қатысушы №7 ЖББОМ еріктілер командасы қаламыздың орталығында орналасқан "Тәуелсіздік" саябағына барып тазалық жұмыстарын жүргізді. Атап айтсақ, гүл егіп, орындықтарды, ескерткіштерді,қоқыс салатын жәшіктерді әктеп,сырлап, саябақ ауласын қоқыстардан тазартты.



Зияткерлік мәдениет бағыты бойынша қосымша білім беру педагогы Умарова А ұйымдастыруымен «XXI ғасыр лидері» тақырыбында интелектуалды сайыс өткізілді.



Мектеп кітапханашысы Имангазина Д ұйымдастыруымен «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында « Таза ауада кітап оқиық» тақырыбында шара ұйымдастырылды.



Ақпараттық мәдениет бағыты аясына «Интернетті тиімді пайдалану жолдары» тақырыбында ақпараттық сабақтар өткізілді.



Көп мәдениеттілік және көркем эстетикалық тәрбие бағыты аясында 8-5 класс оқушылары «Ұлттық мұра-ұрпаққа аманат» тақырыбында қаламыздағы ағайынды Жұбановтар мұражайына саяхат сабаққа қатысты.



Дене тәрбиесі,салауатты өмірсалты тәрбиесі бағыты аясында «Зорлық-зомбылықтың алдын алу ,медициналық қызметті алу және ерте ,мәжбүрлі некеден қорғану» тақырыбында мамандармен кездесу өткізілді.



Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу,құқықтық тәрбие бағыты бойынша «Жас Сарбаз» патриоттық клубының жетекшісі Демесінов Е ұйымдастыруымен «Жас сарбаздар» саптық шеруі ұйымдастырылды.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.А.Ильясованың ұйымдастыруымен Ұлы Жеңіс мерекесіне арналған «Патриот» апталығы өткізілді. Апталық барысында төмендегідей шаралар өткізілді.
Сонымен қатар "Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ-сенің жарқын өмірің" апталығы аясында мектеп директоры А.Ж.Достанова педагогтарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын түсіндіру мақсатында семинар ұйымдастырды.



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шара жоспарына сәйкес мектеп бітіруші түлектердің ата-аналарына мектептегі заңсыз ақша жинау фактілері бойынша МДОІЖО Р.Ж.Байтанова түсіндіру жұмыстарын жүргізді.



Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты бойынша «Ұранды елдің ұрпағы қайсар» тақырыбында патриоттық әндер кеші ұйымдастырылды. Жеңімпаз оқушы аймақтық кезеңге жолдама алды.



Ұлттық тәрбие бағыты аясында тарих пәнінің мұғалімдері Иманбаева А мен Акмурзина А ұйымдастыруымен «Тарихтан тағылым- өткенге тағзым» тақырыбында

19 мамыр күні «Кәсіптік бағдар беру» апталығы аясында 7 класс оқушылар «Алия» гүл салонына эскурсия жасады.Жеке кәсіпкер Сарбасова Айкенже қыздарға өзі айналысып жатқан жұмысы туралы айтып,гүлдерді қалай баптау керектігін,әр гүлдің атауын және қалай күту керектігін тереңінен түсіндіріп берді. аралап,әртүрлі ақпараттар алды. Ұйымдастырушылар : Иманбаева А.В,Алипова А.Ж,Дүйсенгалиева Т.Ж.



19 мамыр күні «Жасөспірімдерді мамандық таңдау және өзін-өзі анықтау процесінде ата-ананың рөлі»атты 9 сыныптар оқушылар мен ата-аналар арасында дөңгелек үстел өткізілді.Оқушылар ата-аналарға әртүрлі сұрақтар қойылып,пікір-талас әңгімелер жүргізілді.Ұйымдастырушылар: Есенова Г.С,Есбосынова Г.І.



Мамыр айында "Туған өлкем" фестиваль аясында "Эко болашақ" жобасы бойынша және мектебімізде дәстүрге айналған "Түлектер саябағы" жобасы аясында мектеп бітіруші 4,9,11 класс оқушылары мектеп ауласын көркейту, көгалдандыру жұмыстарын жүргізді.



Көп мәдениеттілік және көркем эстетикалық тәрбие бағыты аясында «Сыңғырла, соңғы қоңырау-2023» тақырыбында мектеп бітіруші түлектердің салтанатты шарасы өткізілді.





9 мамыр Жеңіс күніне және "Төрт тоқсан-төрт өнер" ұлттық мәдени-ағартушылық жобасына орай "Туған өлкем" фестивалі аясында "Жас ұлан" қоғамдық ұйымының мүшелері Мұғалжар ауданы Ембі аймағы Қырғыз бекетінде орналасқан "Белгісіз жауынгер" ескерткішіне барып,гүл шоғын қойып ,тағзым етті.



Ұлттық тәрбие бағыты бойынша АТТ жетекшісі Шаудыров С ұйымдастыруымен «Жастық жалынды керағар діни ағымға емес,келешек қамына жұмса», «Терроризмнен қорғану жолдары» тақырыбында кеңес сабақтар жүргізілді.



Отбасылық тәрбие бағыты аясында «Инабат» қыздар клубының жетекшісі Саукебаева Л ұйымдастыруымен мектебіміздің қыз балаларына «Жат қылықтың қыз тағдырына әсері» тақырыбында кеңес сабақ өткізілді. Кеңеске 8-11 кластардың қыз балалары, мектеп медбикесі Джигитова А, Әлеуметтік педагог Куанышева Ж, ДТІЖО А.А.Ильясова қатысты.



2023 жылдың 7 сәуір күні мектебімізде отбасындағы әке мен ер азаматтың рөлінің мәнін ұғындыру, ұлдың тәрбиесі туралы ой бөлісу, мектеп пен отбасының өзара байланысын нығайту мақсатында «Тәрбиелі ұл-абыройлы әке» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Іс-шарада тұшымды ойлар айтылып,берілген тапсырмалар бойынша әкелер өздерінің ойларын ортаға салды. Әке мен бала арасында орын алатын маңызды мәселелер, жағдаяттар талқыланды. Әртүрлі тренингтер ұйымдастырылып, ойындар ойнатылды. Кеш соңында қатысқан барлық әкелер іс-шарамызда белсенділік танытып, қосқан үлесі үшін Алғыс хаттармен марапатталды.